

Тарбағатай ауданының Құмкөл ауылдық округінің "Қызыл-жұлдыз" елді мекеніне шектеу іс-шараларын енгізуді белгілеу туралы

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 01 сәуірдегі № 154 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 29 сәуірде № 4529 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 2017 жылғы 3 сәуірдегі № 145 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Тарбағатай ауданы әкімдігінің 03.04.2017 № 145 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

"Ветеринария туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі Заңының 10-бабы 2-тармағының 9) тармақшасына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 31-бабы 1-тармағының 18) тармақшасына сәйкес және Тарбағатай ауданының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2015 жылғы 09 желтоқсандағы № 703 ұсынысы негізінде Тарбағатай ауданының әкімдігі

ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Тарбағатай ауданының Құмкөл ауылдық округінің "Қызыл-жұлдыз" елді мекенінде ірі қара малдарының арасында бруцеллез ауруының пайда болуына байланысты шектеу іс-шараларын енгізу белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары Қ. Мауадиновқа жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімі

Д. Оразбаев